

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ					
Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)					
Топ/сынып	Мектепалды топ				
Тобы, топтың реттік саны, атауы					
Балалардың жасы	5 жасар балалар				
Педагогтің аты-жөні					
Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)	23.01 - 27.01.2023				
Апта күндері	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Сәрсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<i>Жұма</i>
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен	Ата-аналарға "Тұмаудың алдын алу және емдеу жолдары" тақырыбында кеңестер беру, ата-аналармен пікір				

әңгімелесу, кеңес беру	алмасу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	"Өсімдіктерді құнарландыру". Мақсат-міндеттер. Балаларға өсімдіктердің қоректік заттарды топырақтан алатынын, біртіндеп топырақтың құнары таусылатындығын түсіндіру. Балалардың біліміне сүйеніп, өсімдіктердің топырағын құнарландыру қажеттілігі туралы айту, нақты іс-әрекетпен көрсету. (еңбек іс-әрекеті)	"Біз топ бөлмесінде және жатын бөлмедегі терезенің ернек тақтайларын дымқыл шүберекпен сүртеміз". Мақсат-міндеттер. Балаларды сумен жұмыс ітеу кезінде келесі ережелерді сақтауға үйрету: жеңді түру, шүберекті сулау және құрғатып сығу, ластанған кезде оны сумен шаю. (еңбек іс-әрекеті)	"Біз орындықтарды орнына орналастырамыз". Мақсат-міндеттер. Еңбек дағдыларын дамытуды жалғастыру; тапсырманы мұқият, жылдам, мұқият орындау. (еңбек іс-әрекеті)	"Кітап бұрышындағы еңбек". (кітаптарды қалпына келтіру) Мақсат-міндеттер. Балаларға жөндеуді қажет ететін кітаптарды таңдауға, оларды мұқият желімдеуге үйрету (желім мен қайшыны дұрыс пайдалану, майлықтарды пайдалану). Кітаптарға ұқыпты қарауға, жұмыс істеуге, тәртіпті сақтауға тәрбиелеу. (еңбек іс-әрекеті)	"Өз төсегімізді жинауды үйренеміз". Мақсат-міндеттер. Балаларды өз төсегіне күтім жасауға дағдыландыру; ұқыптылыққа, басқа біреуге көмектесуге ұмтылуға тәрбиелеу; еңбекке ұқыпты қарауға тәрбиелеу; өзіне-өзі қызмет көрсету бойынша дербестігі мен дағдыларын дамыту. (еңбек іс-әрекеті)
	Үстел үсті ойыны «Мозаика». Мақсат-міндеттер. Балаларға берілген суреттердің басқа	"Кім көп біледі?" сөздік ойыны. Дидактикалық міндеті. Балалардың есте сақтауын; заттар	"Жұп суреттер" үстел үсті ойыны. Дидактикалық міндеті. Балалардың байқағыштығын,	"Кім шақырғанын тап" сөздік ойыны. Дидактикалық міндеті. Есту анализаторын	"Жоғалған зат" үстел үсті ойыны. Барысы. Педагог үстелдің үстіне бірнеше затты

	бөлігін тауып орналастыра білуге үйрету. Тапқырлыққа баулу. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет)	туралы білімдерін молайту; тапқырлыққа, жылдам ойлануға тәрбиелеу. Ойын ережесі. Заттың қалай пайдаланылатынын айту. Ойын әрекеттері. Жарыс, затты пайдаланудың түрлерін көп айту керек. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)	суретте бейнеленген заттардың ұқсастығы мен айырмашылығын таба білу іскерлігін тәрбиелеу; сөздік қорын жетілдіру: ұқсас, ә түрлі, бірдей. Ойын ережесі. Бірдей суреттерді жинау; кім қателеспесе, сол жеңеді. Ойын әрекеттері. Бірдей суреттерді іздеу. (қарым-қатынас іс-әрекеті)	жаттықтыру, балалардың өз құрбы-құрдастарына достық қатынастарын, зейінін, есін, бірігіп ойнау тілектерін тәрбиелеу. Ойын ережесі. Балаларға қарамай, кім шақырғанын тек дауысты есітіп қана табу, оның атын дұрыс атау. Дауысын өзгертпей, атын қатты айту. Ойын әрекеті: кім шақырғанын іздеу. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет)	қояды. Бала оларға мұқият қарап алған соң, теріс қарап тұрады. Үстелден бір зат алып тасталынады. Бала қай заттың жоғалып кеткенін табу керек. Заттардың санын біртіндеп өсіруге болады. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет)
Таңертенгі жаттығу	Жалпы дамытушы жаттығулар: 1.Бастапқы қалып: дене тік, қол белде 1 - оңға адым жасап, қолдарын жанына жіберу; 2 - бастапқы қалып (дәл осы жаттығу сол жаққа да қайталанады және 5 рет қайталанады). 2. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қол белде 1 - оңға еңкейіп, сол қолын басына қою;				

	2 - бастапқы қалып (дәл осы жаттығу сол жаққа қайталанады және 5 рет қайталанады). 3. Бастапқы қалып: дене тік, қол белде 1 - 2 - отырып, қолдарын алға созу; 3 - 4 - бастапқы қалып (жаттығу 5 рет қайталанады). 4. Бастапқы қалып: жерде отырып, қолдарын артқа түзу тірейді; 1 - аяқтарын түзу ұстап, жоғары көтеру ""бұрыш"" жасау (иықтарын кушитпау); 2 - бастапқы қалып (жаттығу 5 рет қайталанады). 5. Бастапқы қалып: тізеге отырып, қолды белге қою; 1- денені оңға бұрып, оң қолды сол жақ аяқтың өкшесіне тигізу; 2- бастапқы қалып (3-4 - жаттығу сол жаққа орындалады, жаттығу 5 рет қайталанады). 6. Бастапқы қалып: арқаға жатып, қолдарын бастарына қою. 1- оң аяғын түзу көтеріп, саусақтарын башпайларға тигізу; 2 - бастапқы қалып (3-4 - жаттығу сол жаққа орындалады, жаттығу 5 рет қайталанады). 7. Бастапқы қалып: дене тік, қол белде. 1 - 4 - дейін санау арқылы оң жаққа секіру, 5-8 санау арқылы сол жаққа секіру, 9-12 - екі аяқпен секіру, кідіріс жасап, жаттығуды 2-3 рет қайталау. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дене шынықтыру)				
Таңғы ас	Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттер: балалардың киіну, аяқ киімді дұрыс кие білу, өзіне-өзі қызмет ету дағдыларын дамыту. Көркем сөз Нан қоқымын шашпандар, Жерде жатса баспандар. Теріп алып қастерлеп , Торғайларға тастандар. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке	"Қауырсынды тауып ал!"	"Алыста ма, жақында ма?"	"Үйдің есігін жабайық"	"Жұбын тап" дидактикалық	Балаларға эмоционалды

дайындық	дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер. Балаларды қызыл, жасыл, сары түстерді дұрыс атауға және ажыратуға үйрету, жай және құрмалас сөйлемдерді қайталауға баулу. (қарым-қатынас іс-әрекеті)	дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер. Затқа дейінгі аралықты өлшеу. Жақын ба, алыс па? Қажет сөздерді қолдана білу. (танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)	дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер. Заттарды өлшемі бойынша салыстыруға, жуан және жіңішке заттарды ажыратуға жаттықтыру. Ойлау қабілетін дамыту. (танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)	ойыны. Мақсат-міндеттер. Геометриялық пішіндерді ажыратуға, салыстыруға жаттықтыру; білімдерін бекіту, ойлау қабілеттерін дамыту. (танымдық іс-әрекет)	жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. (қарым-қатынас іс-әрекеті)
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Сауат ашу негіздері "[ң] дыбысы және ң әрпі". Мақсат-міндеттер: Ңң әрпімен таныстыру, Ңң әрпінің таңбасын жазуға үйрету, дыбыстық талдау жасауға үйрету, буынға бөліп сөз оқуға дағдыландыру.	Сауат ашу негіздері "[ң] дыбысы және ң әрпі". Мақсат-міндеттер: [ң] дыбысы мен әрпін бекіту және сөз ішіндегі [ң] дыбысының ерекшелігін меңгерту. Математика негіздері	Математика негіздері "Жемшашардағы құстар" пысықтау Мақсат-міндеттер: балаларды "он" саны мен цифры туралы түсініктерін қалыптастыру; "он" санын тану, басқа заттар жиынтығымен салыстырып, ажыратуға	Математика негіздері Аквариум барлықтарының сандарын салыстыру Мақсат-міндеттер: балалардың он саны құрамындағы сандар туралы ұғымдарын дамыту; ">", "<" және "=" белгілері туралы ұғымдарды қалыптастыру; заттар	Сауат ашу негіздері "[ө] дыбысы және Өө әрпі". Мақсат-міндеттер: [ө] дыбыстарымен таныстыру, айтылу ерекшелігіне қарай [ө] дыбысының дауысты дыбыс екенін, жуан естілетінін өздеріне анықтату.

	Қазақ тілі Қыстайтын құстар Мақсат-міндеттер. Балалардың ұғымындағы қыстайтын құстар туралы түсініктерін, оларға қамқорлық көрсету тәсілдері туралы түсініктерін кеңейту; қыстайтын құстардың дыбыстарының ерекшеліктері туралы түсіндіру; «қыс» сөзімен түбірлес «қыстау, қыстайтын» сөздері туралы білімдерін бекіту; шыдамдылық сезімі, жақсы мінез-құлық ережелері туралы түсінік қалыптастыру; өлең, дәйексөз мысалдарын қолдана отырып, өлеңнің мазмұны бойынша	Жемшашардағы құстар Мақсат-міндеттер: балаларды "он" саны мен цифры туралы түсініктерін қалыптастыру; "он" санын тану, басқа заттар жиынтығымен салыстырып, ажыратуға жаттықтыру. Музыка "Құстармен бірге жырлайық" Мақсат-міндеттер: қараторғай, сауысқан туралы әндерді қайталап, сипатын ажырата білуге жаттықтыру; әндегі орташа қарқындылықтың ерекшелігін ажырата білу қабілетін жетілдіру.	жаттықтыруды пысықтау. Қазақ тілі Ч дыбысы (артикуляциясы, тіл ұстарту, сөздердегі дыбыстардың орнын табу) мен әрпі (атау негіздері). Балаларға [ч] дыбысының артикуляциясын, Ч ч әрпін бастырып жазуды көрсету; [ч] дыбысын буында, сөзде, сөйлем ішінде дұрыс, анық айтуды үйрету, артикуляциялық жаттығуларды дұрыс, толық орындауын, ауаны дұрыс бағыттуын қалыптастыру; көру және есту қабілетін дамыту, қолдың ұсақ моторикасын,	топтамаларын өзара салыстыруда аталған белгілерді қолдануға үйрету. Сөйлеуді дамыту "«Ақ тиін мен қасқыр» ертегісін сахналау" (пысықтау) Мақсат-міндеттер: балалардың андардың қысқы тіршілігі туралы білімдерін қалыптастыру, оның ішінде тиіннің тіршілігі қыс мезгіліне деген дайындығынан мәлімет беру. Музыка "Ақ лақ" Мақсат-міндеттер: балаларды ақ лақ туралы әннің сипаты мен әннің сөздік мағынасын түсініп	Сурет салу "Жылы жақта мекендейтін жануарлар" Мақсат-міндеттер: балаларды жылы жақ жерінің жабайы жануарларының бірін (піл, керік, арыстан) бірін өз еркімен таңдап, толық қағаз бетіне салуға үйрету. Дене шынықтыру "Кедергілерді асу жаттығулары" Мақсат-міндеттер: балаларды доптан аттап бір жанымен жүру; жылдамдыққа, кегльдер арасымен жүре отырып, жүрумен алмастыра отырып 100-120 м қашықтыққа жүгіруге үйрету. Көркем әдебиет
--	---	--	---	--	---

	диалог құруды үйрету; еске сақтау, ойлау, қарым-қатынас дағдыларын дамыту; қыстайтын құстарға ұқыпты қарауға, шыдамдылыққа, мейірімділікке, адалдыққа, достыққа тәрбиелеу. Дене шынықтыру "Еңбектеу жаттығуларын пысықтау" Мақсат-міндеттер: балаларды 2 мин. дейін заттардың арасымен үздіксіз жүгіру; қысқа секіртпемен қос аяқтап секіру; арқаға қапшық қойып төрт тағандап еңбектеуге үйрету. Қоршаған ортамен	Сөйлеуді дамыту "«Ақ тиін мен қасқыр» ертегісін сахналау" Мақсат-міндеттер: балалардың аңдардың қысқы тіршілігі туралы білімдерін қалыптастыру, оның ішінде тиіннің тіршілігі қыс мезгіліне деген дайындығынан мәлімет беру.	дауысын, тыныс алуын, фонематикалық есту қабілетін, дыбыстық талдау және жинақтау дағдыларын дамыту; ұқыптылыққа, өз бетінше жұмыс істеуіне, өзінің сөйлеу тілін қадағалай білуге тәрбиелеу, сауатты, әдемі, көркем жазуға үйрету, жаңылтпаш, жұмбақтар шешу арқылы тіл байлықтарын арттыру, қыстап қалатын құстардың түрлерімен және қысқа бейімделуімен танысады. Дене шынықтыру "Кедергі заттар арасымен хоп-фитболмен жүгіру"	айта білу қабілетін қалыптастыру. Қоршаған ортамен таныстыру "Жабайы аңдарды санайық" Мақсат-міндеттер: ормандағы аңдардың қысқы тіршілігі, олардың қысқы табиғатқа бейімделуі туралы түсінік беру; балаларды аңдарды сипаттауға, салыстыра білуге жаттықтыру, табиғатқа деген қызығушылықтарын туғызу.	"Т. Тойбазарұлы «Құстар», «Қайтпай қалған қарлығаш». (қайталау) Мазмұны бойынша әңгімелеу". Мақсат-міндеттер: әңгіме бойынша сұрақтарға жауап беруге дағдыландыру, қыстап қалған құстарға қамқорлық жасауға, оларды баптап күте білуге тәрбиелеу.
--	---	--	--	--	--

	таныстыру "Қандай аңдар қыста ұйықтайды" Мақсат-міндеттер: балалардың қысқы уақытта жабайы жануарлардың тіршілігі туралы білімдерін ойын оқыту жағдайлары арқылы бекіту; жануарлар өміріндегі өзгерістердің өлі табиғаттағы өзгерістерден тәуелділігін анықтауға жаттықтыру.		Мақсат-міндеттер: балаларды кедергі заттар арасымен хоп-фитболмен жүгіруге үйрету. Көркем әдебиет "Т. Тойбазарұлы «Құстар», «Қайтпай қалған қарлығаш». Мазмұны бойынша әңгімелеу". Мақсат-міндеттер: әңгіме бойынша сұрақтарға жауап беруге дағдыландыру, қыстап қалған құстарға қамқорлық жасауға, оларды баптап күте білуге тәрбиелеу.		
2- таңғы ас	Тағамның атауын есте сақтауға, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" (мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)				
Серуенге дайындық	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бөтенкесін реттілікпен киюін қадағалау. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				

Серуен	Көкшымшықты бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекет, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Балалардың көкшымшықтың пайда болуы, оның әдеттері, тіршілік ету ортасы туралы түсініктерін кеңейту; қыстайтын құстарға қамқорлық жасауға тәрбиелеу. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (құстарды нан үгіндісімен қоректендіру.) (еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Балаларды қыстайтын құстарды қоректендіруге	Шыршаларды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Шыршаның құрылымы туралы білімдерін толықтыру. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (ұжыммен қар тазалау). (еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Ағаш күрекшені қолдану қабілетін жетілдіру. Қимыл-қозғалыс ойындары. "Қоймадағы тышқандар". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер.	Қыстайтын құстарды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Қыстайтын құстар туралы түсініктерін кеңейту; оларға деген сүйіспеншілік пен қамқорлыққа тәрбиелеу. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (ағаштың айналасындағы қарды тазалау) Мақсат-міндеттер. Жұмыс істеуге дағдыландыру, ересектерге көмектесу. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Құстар мен жаңбыр",	Сауысқанды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Қоршаған әлемге қызығушылықты ояту; құстарға деген қамқорлыққа тәрбиелеу. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (құстарды нан үгіндісімен қоректендіру). (еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Балаларды қыстайтын құстарды тамақтандыруға ынталандыру. Қимыл-қозғалыс ойындары. "Сауысқандар".	Қайың мен шетенді бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер: табиғатқа деген құрмет сезімін тәрбиелеу. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (құрылысқа қар жинау). (еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Тапсырманы бірлесіп жүзеге асыра отырып, жұмыс істеуге үйрету. Қимыл-қозғалыс ойындары "Кегльдерді құлат". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер. Қимылдарды
--------	---	--	--	---	---

	ынталандыру. Қимыл-қозғалыс ойындары. "Ұшақ". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер. Бір-біріне соқтығыспай жүгіру қабілеттерін дамыту; епті, жылдам болуға тәрбиелеу. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту: екі аяқпен орнында тұрып 20 рет секіру. 2-3 рет шеңбер бойымен айналып жүру. Қайтадан 20 рет секіру. (дене шынықтыру)	Ептілікті дамыта отырып, доғаға тигізбей жорғалап жүруді үйрету. Өзіндік еркін ойын әрекеттері: қозғалыстарды дамыту, алға жылжи отырып, екі аяқпен секіруге жаттықтыру. (дене шынықтыру)	"Мысықтар мен тышқандар". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер. Педагогтің белгісі бойынша тез қозғалуды үйрету; дыбыстарды айтуға жаттығу. Өзіндік еркін ойын әрекеттері: қозғалыстарды дамыту, қарды алысқа лақтыруды үйрету. (дене шынықтыру)	(дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер. Екі аяғымен секіру, әртүрлі бағытта жүгіру дағдыларын дамыту. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер. Қатарға қойылған заттарды айналып жүгіруге машықтандыру.	үйлестіруге, лақтыру қабілеттерін жетілдіру. Өзіндік еркін ойын әрекеттері.
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Түскі ас	Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттер: балалардың киіну, аяқ киімді дұрыс кие білу, өзіне-өзі қызмет ету дағдыларын дамыту. Көркем сөз				

	Нан қоқымын шашпандар, Жерде жатса баспандар. Теріп алып қастерлеп , Торғайларға тастандар. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)				
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай жасау.				
Бірге-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары	Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру. Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау. Нүктелі массаж. Суық тиюге және тұмауға қарсы жаттығулар жасау арқылы балалардың денсаулығын нығайту, дене сымбатын жетілдіру, қимыл-қозғалыс дағдыларын дамыту. - Тамағымыз ауырмау үшін, тамағымызды қолмен жоғары - төмен уқалау. - Түшкіріп, тұмауратпау үшін, сұқ саусағымызбен танауымыздың екі жағын кезектеп үйкелеу. - Қолымызды маңдайымызға қойып уқалау. - Құлағымыз ауырмау үшін, сұқ және ортаңғы саусағымызбен құлағымызды алдынан және артынан уқалау. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дене шынықтыру)				
Бесін ас	Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттер: балалардың киіну, аяқ киімді дұрыс кие білу, өзіне-өзі қызмет ету дағдыларын дамыту. Көркем сөз Нан қоқымын шашпандар, Жерде жатса баспандар. Теріп алып қастерлеп , Торғайларға тастандар. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,	"Аңшылар мен қояндар" қимыл-қозғалыс ойыны.	Дамытушы жаттығу. "Шапшандар	Дидактикалық ойын. "Адасқан сандар".	Дидактикалық ойын. "Не, қайда	Дидактикалық ойын. "Суреттің тізбектегі

үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шартын бұзбай ойнауға дағдыландыру; мергендікке, дәлдікке, шапшаңдыққа, жылдамдыққа, қимылдардың үйлестіре білуге бейімдеу; ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Балалар тобынан арасынан бір-екі бала "аңшы" болып (өз қалауларымен немесе санамақ арқылы) тағайындалады. Қалған балалар - "қояндарды" сомдайды. Педагог ойынды бастайды: -"Аңшылар жүр орманда, "Не бар?" - деп	сайысы". Мақсат-міндеттері. Балалардың құстар жайындағы білімдерін тиянақтау; ой шапшаңдығын, елестету, сөйлеу қабілеттерін дамыту; зеректікке, білгірлікке тәрбиелеу. Құралдар: құстардың суреттері. Шарты. Жұмбақты шешкен балалар өздері атауын тапқан құс туралы не білетінін баяндайды. Талдың басында, Жемі бар қасында. Там тұр саялы, Достарға аялы. (Құс ұясы.) Сирағы ұзын, Тырнағы ұзын. Балықты сүзбей,	Мақсат-міндеттері. Балалардың сандар тізбегі жайындағы білімдерін нығайту; реттік сандарды пысықтау; сандар тізбегінде аталған санның көршілерін немесе тізбектегі кез келген санның арысында жасырынған санды тауып атауда жаттықтыру; зейін, ойлау, елестету қабілеттерін дамыту; шапшаңдыққа, зеректікке тәрбиелеу. (танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Сюжетті-рөлдік ойын. "Ветеринарлық емхана". Мақсат-міндеттері. Балалардың	мекендейді?" Мақсат-міндеттері. Жабайы аңдар, құстар, үй жануарларының қайда мекендейтіні туралы балалардың білімдерін тиянақтау; сөздік қорын байыту; есте сақтау, ойлау, байланыстыра сөйлеу қабілеттерін; дүниетанымын кеңейту. Құралдар. Жабайы аңдар, құстар, үй жануарлары және олар мекендейтін орындар салынған суреттер. Ойынның бірнеше нұсқасы бар. 1-нұсқа. Тек бір суретке қарап, жануарды және оның мекен ету ортасын табу.	орнын тап". Мақсаты. Балаларды суреттерді логикалық тізбекке орналастыруға жаттықтыру; қоршаған ортадағы құбылыстар мен оқиғалардың сырын тануға, түсіндіруге ынталандыру; зияткерлікке, ұғымталдыққа тәрбиелеу. Құралдар. Бір құбылысты, оқиғаны немесе ертегі желісін сипаттайтын суреттер топтамалары. Сюжетті-рөлдік ойын. "Цирк". Мақсаты. Балалардың түсінігінде циркте
--	---	---	--	---	--

шалғында. "Аңшылар", қолдарына бір доптан алып, алаңды аралап, "қояндарды" іздеген сияқты болып жүреді, содан соң жасырын жерлерге барып тұрады да алаңды бақылайды. "Қояндар" өз "іздерінен" шығып, алаңда ойнап, секіріп, жүгіріп жүреді. Педагог: "Қояндар шықты шалғынға, Секіреді қуана. Бір-біріне сәлем береді, Тәтті шөппен қоректенеді. "Қояндар, қашыңдар!" - деген сөздерден кейін "аңшылар" жасырыннан ытқып шығып, "қояндарды"	Ұстайтын шоқып, Тұмсығы біздей. (Тырна.) Екі айыр құйрығы, Қияқ мұрт қанаты, Ұшқырлардың жүйрігі. (Қарлығаш.) Тақылдатып, Мазаны ап, Ағаштарды тазалап, Ормандарды емдейді, Зиянкесті жазалап. (Тоқылдақ.) Жем көрсе, Шықылықтап қалтаңдайды, Сескенсе, Жыпылықтап жалтаңдайды. (Сауысқан.) Қара түсті қарқылдақ, Ұшып-қонып жалпылдап.	ветеринарлық емханада қызмет атқаратын жануар дәрігері, мейірбике, күтуші жөнінде ұғымдарды нығайту; медициналық қызметкерлердің емханада атқаратын рөлі неде екендігін анықтау; еңбекқорлыққа, жан- жануарларға аяушылыққа, қамқорлыққа тәрбиелеу. Құралдар. Ветеринарлық емхана қызметкерлеріне қажет заттар мен құралдар; ақ халаттар, қолғап (перчаткалар); емханаға қажет жиһаз, сөмкелер; ойыншық жануарлар және құстар.	Жануарды және оның мекен ету ортасын білдіретін жұптарды кұрастыру. 2-нұсқа. Өздік ойын түрінде өткізу. Жануардың мекен ету ортасының атауын естіп, жануардың қалай аталатынын айту. Жануардың дауысын естіп, мекендейтін орнын атау. Балаларды өз ойларын түсіндіруге талпындыру қажет. (қарым-қатынас іс- әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті) Сюжетті-рөлдік ойын. "Зообақ". Мақсат-міндеттері. Балалардың	қызмет ететін өнерпаздар (сайқымазақ, гимнаст, сиқыршы, жонглер, жануарларды жаттықтырушы) жөнінде ұғымдарды қалыптастыру; цирк өнерпаздарының жұмысын түсіндіру; еңбекқорлыққа, төзімділікке, сыпайылыққа, салауатты өмір салтына тәрбиелеу. Құралдар. Циркте қызмет ететін артистерге қажет ойыншық құралдар, модельдер (доптар, ойыншық жануарлар, бас киімдер, таяқшалар, спорттық киім үлгілері, гимнастикалық ұршық, костюмдер). Шарты.
--	--	---	---	--

	көздеп, допты аяқтарына тигізуге тырысады. "Қояндар" бір-біріне соғылмай, жылдам өз орындарына доптан қашуға тырысады. Ойынның соңында "аңшылар" қанша "қоянды" ұстап алғандарын санап, баға беруге болады. Педагог ойын барысындағы қауіпсіздікті қадағалайды. (дене шынықтыру) Театрландырылған қойылым. "Түлкі мен тырна" ертегісі. Мақсат-міндеттер. Балалардың естерінде әйгілі ертегінің мазмұнын жаңғырту, есте сақтау, ой-қиялдың,	Қоқыстарды шоқиды, Жем іздейді там-тұмдап. (Қарға.) Педагог балалардың ережені ұстанудағы әрекеттерін қолдайды. (қарым-қатынас іс-әрекеті) Театрландырылған қойылым. "Шегіртке мен құмырсқа" мысалы. Мақсат-міндеттері. Балалардың естерінде мысалдың желісін жаңғырту, есте сақтау, ой-қиялдың, эмоциялық, пантомимикалық, қатынастық қабілеттерін дамыту. Құралдар. "Шегіртке мен құмырсқа" мысалы қойылымына	Шарты. Педагог балалармен бірге дайындық жұмыстары ретінде ветеринардың жұмысы туралы суреттерді қарап, К. Чуковскийдің "Айболит" ертегісін естеріне түсіріп оқиды, ветеринарлық емхана жайында әңгімелеседі. Балалар ветеринар дәрігерінің жануарлар мен құстардың қандай дене мүшелерін емдейтіні туралы құралдарды қолданатыны, қандай сұрақтарды қою қажеттілігін талқылап алу керек. Балалар ветеринарлық емханада қызмет	түсінігіндегі зообак, қорғауға алынған жануарлар туралы ұғымдарын бекіту; зообакта қызмет атқаратын ветеринар дәрігері, орнитолог (құс маманы), зоолог (жануарлар маманы), герпетолог (қосмекенділер маманы), күтуші жөніндегі ұғымдарын нығайту; мамандардың зообакта атқаратын рөлі неде екенін анықтау; еңбекқорлыққа, жан-жануарларға жанашырлық пен қамқорлыққа тәрбиелеу. Құралдар. Зообак қызметкерлеріне қажет заттар мен құралдар; алғашқы	Педагог алдымен балалармен бірлесіп цирктің (суреті) қандай орын екенін, бұнда қандай өнерпаздар жұмыс істейтіні туралы әңгімелеседі; әрбір артист маман қандай құралдарды пайдаланатыны, олардың еңбегінің қаншалықты қиын екенін түсіндіреді. Балалар циркте қызмет ететін өнерпаздар: сайқымазақ, гимнаст, сиқыршы, жонглер, жануарларларды жаттықтырушы болып бөлініп, топтасып, белгілі жаттығулар жасайды. Педагог цирк қойылымы жайында жариялап, қалған балаларды
--	--	--	---	---	--

эмоциялық, пантомимикалық, қатынастық қабілеттерін дамыту. Құралдар. "Түлкі мен тырна" ертегісіне қатысатын кейіпкерлердің киімдері, маскалары, табакша, құмыра. Шарты. Педагог балаларға алдын-ала "Түлкі мен тырна" ертегісінің мазмұнын қайталатады. Балалар өз қалаулары бойынша кейіпкерлерді таңдайды, өз костюмдерін киіп, орындарына барады. Алғашында автор тарапын педагог өзі алады, содан соңғы жағдайларда балалардың да арасынан автордың	қатысатын кейіпкерлердің киімдері, маскалары, күрек пен сыпырғыш. Шарты. Педагог балаларға "Шегіртке мен құмырсқа" мысалының мазмұнын қайталатып алады. Балалар өз қалаулары бойынша кейіпкерлерді таңдайды, өз костюмдерін киіп, орындарына барады. Алғашында, автор рөлін педагог өзі алады, содан кейін балалардың арасынан автордың рөлін сомдайтын баланы ұсынуға болады. Қойылым соңында педагог кейіпкерлерді сомдаған балаларды	атқаратын қызметкерлер кім болатынын өзара таңдайды. Кейіпкерлер өздеріне қажет киім үлгілерін және құралдарды алып, өз орындарына барады. Педагог диалогтарда әдептілік ережелерінің сақталуын, ойыншылар арасында сөйлеу тізбектерін реттейді, тиянақтау сұрақтарын қояды. Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасай алады: адам өзінің қасында тіршілік ететін жануарлар мен құстардың саулығы үшін, жабайы табиғаттағы аңдардың сақталуы	медициналық көмек қобдишасы; ойыншық жануарлар және құстар; ойыншықтарға тор пішіндері. Шарты. Педагог ойыннан бұрын балалармен бірге зообақ жайында суреттерді қарастырады, әлемдегі қорғауға алынған жануарлар жөнінде бейнебаянды көрсетеді. Балалар ветеринар дәрігері, орнитолог (құс маманы), зоолог (жануарлар маманы), герпетолог (қосмекенділер маманы), күтуші сияқты мамандардың қызметінің мәні неде, олардың қандай құралдарды қолданатынын	орындықтарға шақырады. Әрбір өнерпаздың шығуын аса құрметпен жариялап, оған көрермендер тарапынан қолдау және қошемет көрсетуді сұрайды. Балаларға қойылым соңында өнерпаздар көрермендерге иіліп құрмет көрсететіні, ал көрермендер оларды мақтап, қошемет білдіретінін айту керек. Педагог ойын барысын өзі реттеп жатады, балалардың әрекеттерін белсенді ету үшін, қосымша сұрақтар қояды. Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасайды: цирк қойылымының әдемі және қызықты
--	--	--	---	---

	рөлін сомдайтын баланы ұсынуға болады. Қойылым соңында педагог кейіпкерлерді сомдаған балаларды жеке қатарға шығарып, кім кімнің рөлін атқарғанын көрермендерге таныстырып жатады. Артист балалар иіліп, қошемет пен шапалақтарға ие болады. Соңында педагог балалардан шығарманың осылай аяқталғанына не себеп болғанын анықтайды, кейіпкерлер әрекеттеріне шамалы талдау жасатады.	жеке қатарға шығарып, қайсы, кімнің рөлін атқарғанын көрермендерге таныстырып жатады. Артист балалар көрермендерге иіліп құрмет көрсетеді, олардың қошеметі пен мақтауына бөленеді. Соңында педагог балалардан шығарманың осылай аяқталғанына не себеп болғанын анықтайды, кейіпкерлердің әрекеттеріне қысқаша талдау жасатады. (қарым-қатынас іс-әрекеті)	үшін жауапты екенін айтуы тиіс. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)	талқылап алу керек. Балалар зообақта жұмыс істейтін мамандарды өздері таңдайды немесе санамақты қолданады. Кейіпкерлер өздеріне қажет киім үлгілері мен құралдарды алып, орындарына барады. Қалған балалар қолдарына аңдар мен құстардың ойыншықтарын алады, белгілі орындарға қондырады, қимылдатады, қозғалысқа келтіреді. Мамандар құстар мен аңдардың орындарын аралап, көмектерін көрсетеді. Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасай алады: адам жабайы	болуы, өнерпаздардың шеберлігі мен тынымсыз еңбегінің арқасында болады.
--	--	---	--	--	--

				табиғаттағы тіршіліктің заңдылықтарын бұзбай, жоғалып бара жатқан аңдар үшін жауапкершілікті сезіну керектігі, оларға қамқорлық танытып, тіршілік етулеріне қолайлы жағдайлар туғызу қажеттілігі туралы айту. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)	
Балалармен жеке жұмыс	"Лабиринт" дидактикалық ойыны. Ойынның мақсат-міндеттер. Балаларды тез қимылдауға үйрету. Ойынның барысы. Балаларға дайын	Жапсырудан ойын-жаттығу "Бұзауым-ау, бұзауым!" Мақсат-міндеттер: бір реттік қағаздан жасалған тәрелкені жазық қағаз бетіне жапсырып, қағаздан	"Бұл қашан болады?" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер. Балаларға жыл мезгілдерін толық ажырата білуге, жыл мезгілдеріндегі	Мүсіндеуден ойын-жаттығу "Тиіннің қысқа дайындығы" Мақсат-міндеттер: балаларды ермексазды домалату, созу, қайшының көмегімен	Зейінді дамытуға арналған жаттығу. "Суреттерді салыстырамыз". Мақсат-міндеттер. Балаларға бір-біріне ұқсас, бірақ бірнеше өзгешеліктері бар суреттерден

	лабиринт (гүл мен шелек) беріледі, балалар тез-тез орындап шығады. (танымдық іс-әрекет)	бұзау дайындамаларын тәрелкеге тиістіріп жапсыруға үйрету. (шығармашылық іс-әрекет)	әртүрлі өзгерістерді табуға, суреттер бойынша жұмыс жасай білуге үйрету. Сөздік қорын байыту. (танымдық іс-әрекет)	ойық жасау арқылы тиінге арналған жаңғақ жасауға үйрету. (шығармашылық іс-әрекет)	айырмашылықтарын табуды ұсыныңыз. (қарым-қатынас іс-әрекет)
Серуенге дайындық	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. (мәдени-гигиеналық даңдылар, дербес әрекет)				
Серуен	Түскі серуенді бақылауды жалғастыру. (қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)				
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Кешкі ас	Тағамның атауын еске сақтау, тамақтану рәсімін жақсы ниетпен қабылдауға бейімдеу. "Кешкі асты таза ішуді, әдепті бала болуды үйренеміз". (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (қарым-қатынас іс-әрекеті) Музыкалық аспаптармен ойындар. (музыка) Өнер бұрышында аңдардың қысқы тіршілігі тақырыбында сурет салу, жапсыру, мүсіндеу. (шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті) Логикалық ойындар, басқатырғыштар, санамақтар, домино ойындары. Пысықтау. (танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. (зерттеу іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)				

Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	«Балаларда шығармашылықтың дамуы» тақырыбындағы кеңес.	«Бала құқығын қорғау парызымыз» ата-аналарға кеңес.	«Айына бір рет отбасы күнін өткізу».	Кеңес: «Балалар жарақаттарының алдын алу шаралары».	Ата-аналарға тапсырма беру, жақсы демалуға тілек білдіру.
--	--	---	--------------------------------------	---	---